

09.02.2023ж «М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-де 9 класс оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Педагог ұйымдастырушы С.А.Ниязбай Ақтөбе қаласы бойынша колледждер туралы ақпараттармен бөлісті. Мектеп психологтары Н.С.Төлеген, А.Н.Елемесова оқушылардан қандай мамандықтарға икемдері бар екендігі туралы сауалнама алды. Сонымен қатар, Ақтөбе гуманитарлық- техникалық колледжінің маманы Талғат Темірбайұлы келіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып, қойған сұрақтарына жауап алды.



«М.Ғабдуллин атындағы №70 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ –де 26 қаңтар күні оқушыларға кәсіптік бағдар беру және оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу мақсатында көп салалы "Болашақ" колледжінің мамандары келіп, 9, 11 класс оқушыларына мамандықтар туралы толық ақпарат берілді. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып, қызықтырған сұрақтарына толыққанды жауап алды.

